

Бәсекелестікті шектейтін рынок субъектілерінің келісімдерін (келісілген іс-қимылдарын) анықтау жөніндегі нұсқаулықты бекіту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 ақпандағы N 34-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2228. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің 2007.05.15. N 164-НҚ бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің 2007.05.15. N 164 -НҚ бұйрығымен.

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ережесінің 11-тармағының 4) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бәсекелестікті шектейтін рынок субъектілерінің келісімдерін (келісілген, іс-қимылдар) анықтау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Бәсекелестікті дамыту департаменті (Н.Х.Жұмабаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) осы бұйрықты ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары А.Р.Ойнаровқа жүктелсін.

5. Бұйрық жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттік төрағасының
2003 жылғы 6 ақпандағы
N 34 - НҚ бұйрығымен
бекітілген

Бәсекелестікті шектейтін рынок субъектілерінің келісімдерін (келісілген іс-қимыл) анықтау туралы

Нұсқаулық

1. Жалпы ереже

1. Бәсекелестікті шектейтін рынок субъектілерінің келісімдерін (келісілген іс-қимыл) анықтау туралы нұсқаулық (одан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының "Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы", "Теріс пиғылдағы бәсекелестік туралы" Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктің ережесі (одан әрі - Ереже) туралы N 1713 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 желтоқсандағы "Басты азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру туралы N 1623 қаулыларына сәйкес әзірленді.

2. Бұл нұсқаулықта мынадай ұғымдар қолданылады:

Рынок субъектілері - тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өндіретін, өткізетін, сатып алатын қызметті атқаратын жеке, заңды тұлғалар және олардың филиалдары мен өкілдіктері;

Келісім - кәсіпкерлік қызметте негізсіз бәсекелестікті, басымдылық алуды шектейтін бағыттағы жақтардың (вертикалды горизонталды немесе конгломератты) кез келген шартты қатынастары;

Үйірлесу - тауар рыногында кері зардаптарға алып келетін және (немесе) соған алып келген, тауарларға (жұмыстар, қызметтер) біркелкі баға белгілеу немесе тауар рыногын бөлуге бағытталған рынок субъектілерінің өзара келісілген іс-қимылы;

Келісілген іс-қимыл - өзара байланысқан жақтардың еркін іс-қимылдарын шектеу.

3. Бұл Нұсқаулықтың мақсаты рынок субъектілерінің және/немесе мемлекеттік органдар арасындағы келісімдердің механизмдерін, соның ішінде үйірлесу (одан әрі - Келісімдер) жолымен жасалған келісімдерді анықтау.

4. Заңда бекітілген тәртіп бойынша тыйым салынады, бүтіндей не ішінара күші жоқ деп танылады:

1) бәсекелес рынок субъектілерінің (әлеуетті бәсекелестер) белгілі тауар

рыногында жиынтық үлесі 35 пайыздан артық кез келген келісімдер, егер олардың нәтижесі бәсекелестікті шектейтін болса, соның ішіндегі мынаған бағытталған келісімдер:

өндірісті шектеу, қолдан тапшылық орнату, бағасын көтеру және оны ұстап тұру үшін тауар айналымынан тауарларды шығару, соның ішінде үйірлесу жолы арқылы;

өндіріс көлемін негізсіз қысқарту немесе оларға тұтынушылардан сұраныс не тапсырыс бола тұра өндірісті тоқтату оларды өндіруге немесе жеткізуге мүмкіншілік болған жағдайда;

тауар рыногын аумақтық принцип бойынша сату не сатып алу көлемі, сатылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) көлемі бойынша немесе сатушылар мен сатып алушылардың (тапсырыс берушілер) айналасы бойынша бөлу;

тауар рыногына жеткізуді шектеу (рыноктан шығу) немесе одан басқа субъектілерді белгілі бір тауарды (жұмыстар, қызметтер) сатушы не сатып (тапсырыс беруші) алушы ретінен шығару;

белгілі бір сатушы не сатып алушымен шарт жасаудан бас тарту; тауар рыногында бірдей баға (тарифтер), шегерім, үстеме бекіту (қолдау), соның ішінде үйлесім арқылы;

аукциондар мен саудада бағаны көтеру, төмендету және ұстап тұру;

2) бәсекелес емес рынок субъектілерінің кез келген келісімі, егер де оның біреуі белгілі бір тауар рыногында үстемдік (монополиялық) жағдайға ие болса, екіншісі оның жеткізушісі не сатып алушысы, егер де осындай келісім бәсекелестікті шектесе және/немесе жеке немесе жеке және заңды тұлғаның мүддесіне нұқсан келтірсе;

3) мемлекеттік органның басқа мемлекеттік органмен не рынок субъектісімен келісімі, егер оның нәтижесінде бәсекелестік шектелсе не шектелетін болса, бағытталатын болса:

бағаны (тарифті) көтеру, түсіру және қалыпты ұстап тұру;

тауар рыногын аумақтық принцип бойынша сату және сатып алу көлемі, сатылатын тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) ассортименті, сатушы немесе сатып алушылардың айналасы бойынша;

белгілі рынок субъектісіне айрықша құқық беру;

тауар рыногына шектеу қою немесе олардан рынок субъектісін шығару;

4) бәсекелестікті шектеуге бағытталған басқа да келісімдер.

2. Келісімнің түрлері

5. Деңгейлі келісім - бәсекелестікті шектеуге бағытталған бір рынокта бәсекелес субъектілердің өзара келісімі.

6. Тік келісім - тиісті тауар рыногында бәсекелес емес субъектілердің арасындағы келісім, нәтижесінде бәсекелестікті болдырмау, шектеу және жою болып табылады немесе соған алып келуі мүмкін.

7. Конгломератты келісімдер аралас қатынастар секілді сипатталады, бұл жерде деңгейлі және тік қатынастар орын алады.

3. Келісімдегі бәсекелестікті шектеудің нышанын анықтауға талдау жасаудың тәртібі

8. Келісімдегі бәсекелестікті шектеу белгісін анықтауды талдау жасау кезең-кезеңімен жүргізіледі.

9. Бірінші кезеңде :

1) тиісті тауар рыногы анықталады, келісімге қатынасушы рынок субъектілерінің жан-жағы анықталады;

2) Келісімнің түрі анықталады, ақпараттар жиналады;

3) тауар рыногының географиялық шекарасы анықталады - келісімге қатынасып рынок субъектілерінің қызметін жүргізетін аумағы;

4) рынок субъектілеріне тиісті рыноктың үлесі анықталады - тиісті географиялық рынокта қызмет ететін келісімге қатынасушылар және олардың жалпы рыноктағы үлесі.

10. Келісімге қатынасушыларды талдау өткізудің тәртібі және рынок субъектілерінің рыноктық үлесін есептеу, тауар рыногындағы бәсекелестік ортаның қалыптасқан жағдайына сәйкес әдістемеліктің ұсынысына байланысты заңда белгіленген тәртіппен өткізіледі.

11. Екінші кезеңде тиісті тауар рыногын реттеу айқындалады, жолымен:

1) белгіленген бағаны (тарифтерді) белгілеу;

2) мемлекеттік тапсырыс бойынша міндетті жеткізуді белгілеу;

3) рынок субъектісіне дотация ұсыну, жеңілдетілген жағдайда несие бөлу және басқа шарттар.

Жоғарыда аталған мемлекеттік реттеулердің монополияға қарсы заңдарға қайшы келмеуін анықтау.

12. Үшінші кезеңде келісім жасасқан рынок субъектілерінің құқықтық ережелері анықталады.

Егер талдау кезінде айқындалғандай, келісімге қатынасушылардың рынокта үлестерінің едәуір шоғырланғанына қарамастан олар бәсекеге шешуші әсер ете алмаса, рынокқа басқа субъектілердің енуіне қиындық туғыза алмаса, немесе басқа жолмен олардың экономикалық қызметіндегі бостандықты шектемесе, ондай талдау жасау тоқтатылады.

13. Төртінші кезеңде келісімді қызметті нақты дәлелдеу үшін, нәтижесінде бәсекелестікті шектеуге алып келетін немесе тұтынушылардың мүддесіне зиян келтіретін мыналарға аса көңіл бөлу керек:

- 1) үйлесуге алып келуі мүмкін шарт жасасу тәсілінен бас тарту;
- 2) бәсекелестікті шектеуге бағытталған шарт жасау;
- 3) бір немесе бірнеше субъектілер тарапынан үйлесімге қатыспайтын рынок субъектілерін бағалай кемсіту;
- 4) мәжбүрлі ассортимент талабы немесе жеткізудің басқа шарттары;
- 5) актыны басып шығару.

14. Нақты келісімді қараған кезде оның ішінде бәсекелестікке қарсы элементтердің бар жоқтығын анықтау керек.

15. Бесінші кезеңде келісімнің бәсекелестікті шектейтіні, не шектемейтіні жөнінде анықталады, оның ішінде:

1) Келісімге қатынасушы рынок субъектілерінің тәуелсіз экономикалық шешім қабылдауын шектейтін;

2) тиісті тауар рыногындағы сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін.

Егер осы жағдайлардың бірі белгілі болғанда, ол келісімді бәсекелестікті шектейтін ретінде қарау керек.

16. Осы жолсыздықтар орын алғандығы белгілі болған кезде қолданыстағы заңдарда көрсетілген шаралар қолданылады. Талдау өткізу процесі кезінде келісімге қатынасушылар бәсекелестікті шектемейтіні белгілі болса, келісімді талдау жасауды тоқтату керек болады.

4. Келісімнің бар екендігі туралы дәлелдеме

17. Анықталған келісімді дәлелдеген кезде оларды құжат бойынша дәлелдеу керек. Келісім нақтылығын дәлелдеу, бұл дәлелдеулерді өз ара шарттардың жағдайын талдағанда, шоттарды, жөнелтпе құжаттарды, прејскуранттарды, төлем тапсырмаларды, съезде, конгресте қабылданған құжаттарды және басқа рынок субъектілері өкілдерінің жиындарында, басқа да құжаттардың негізінде а л у ғ а б о л а д ы .

Дәлелдеу ретінде рынок субъектілері өкілдерінің жеке кездесулерінде өзара ақпарат алмасулары, телефон арқылы хабарласу, телекстармен және факсималдық байланыстар, бағанның тұтынушыларға жариялы (жаңа прејскуранттың таратылуы, баға жарнамасы) хабарландырылуы, агенттер мен делдалдарға, соның ішінде рынок субъектілері кіретін түрлі бірлестіктер (ассоциациялар) болулары мүмкін. Келісімді анықтау және дәлелдеу үшін монополияға қарсы орган өзінің құзыреті шеңберінде басқа да қызметтер жүргізуге, өз бетімен және басқа да мемлекеттік немесе мемлекеттік емес құрылымдармен іс-шаралар өткізуіне болады.

18. Келісімді дәлелдеген кезде ескерілетіні, барлық келісілген іс-қимыл бәсекелестікті шектейтін біліктілік ретінде қарала алмайды.

Экономикадағы орын алып отырған құрылымдық ерекшеліктерге байланысты рынокта субъектілердің аз мөлшерде болуы, тауарлардың іс жүзінде тапшылығы,

олардың келісілген іс-қимыл жасап, құжат рәсімдемей баға белгілеуі бәсекелестікті шектеуге алып келеді.

19. Келісімнің негізіндегі пайда болған бәсекелестік үшін жағымсыз зардаптар, былайша көрінеді:

қаралып отырған рынокқа қанағаттанғысыз сұраныс пен жеткілікті биік деңгейдегі табыстылық болған кездегі басқа рынок субъектілерінің енуін шектеу;

басқа осы рынокқа шыққысы келетін өндірушілерді шикізат пен материалдарға қол жеткізуіне шектеу;

тауар өткізетін жүйеге қол жеткізуді шектеу;
және де басқалары.

20. Келісімнің дәлелдемесін субъектінің қаржылай сараптамасының құжаттарының негізінде алуға болады.

21. Бәсекелестер арасында кез келген баға туралы келісімнің түзілуі мен оның орындалуының үйлесімінің дәлелі болып:

бір мезгілде немесе 3 күн аралығында бағаның көтерілуі (төмендеуі);
тауарды сату мен сатып алу кезінде шығындардың әр түрлі болғанымен бірдей бағаның белгіленуі;

рынокта бірдей баға орнату үшін бағытталған тауардың қалған бөлігіне қосымша баға тағайындау;

тауардың жеткізу көлемі мен бағасының өзгеруін келісу;
бағаны қолдан көбейту мен арзандату туралы келісу;

бағадан бір мезгілде шегерім жасау немесе бағадан шегерім жасау;
рынокта тауар тапшылығы мен оларға баға жоғары болған кезде, қоймада екі және одан да артық субъектілерде үлкен көлемде тауар қорының нақты қолда болуы;

рынок субъектілерінде шот фактураның, калькуляцияның, экономикалық негіздегі есептердің болмауы, бағаның көтерілуінің, бір баға ұстанылуының түсіндірілуінің болмауы.

22. Рынок субъектілерінің арасындағы келісімнің бар екендігінің дәлелі ретінде:

бағаны бекітетін біркелкі баға прејскурантының немесе бұйрықты (хаттама, өкім) пайдалану;

түрлі жеткізушілер (көрсететін) жеткізетін қызметтерге, тауарларға қолдан жасау арқылы жоғары бағаны ұстап тұру;

өндіріс көлемі немесе тауарлар (жұмыс, қызмет) сатуға шектеуді (квот) белгілеу;

басқа сатушылар мен сатып алушылармен жасасқан келісімді белгілі бір сатушылар мен сатып алушылармен сол жағдайда шарт түзуден бас тарту;

белгілі бір аймақта тауарлар (жұмыс, қызмет) сату;
белгілі бір аймақты жабдықтауды қамтамасыз етуді тоқтату.

23. Бәсекелес рынок субъектілерінің арасында өзара келісім болған кезде, монополияға қарсы орган келісімінің нақтылығын анықтау мақсатында талдау жүргізеді. Талдау оны өткізудің алдындағы соңғы алты айға жүргізіледі.

24. Талдауды өткізудің ұзақтығы 2 айдан артпауы керек. Сондай-ақ, Заңның 10-бабының 1-және 3-тармақтарына, Ереженің 11-тармағының 7)-тармақшасына сәйкес, үйірлесуге қатынасушы рынок субъектісінің керекті қосымша құжаттары сұратылып алынады.

25. Монополияға қарсы заңдарды бұзғаны үшін айыпты адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады.